

Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған №2 арнайы мектеп-интернаты КММ

Қамқоршылық кеңесінің отырысы

№1 Хаттамасы

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің мүшелері және мектеп-интернат әкімшілігі

Өткізілген күні: 21.02.2023 ж.

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің төрағасын бекіту туралы

Тыңдалды: Мектеп-интернат директоры С.Джунисбекова 2023 жылдын 10 ақпандағы Шымкент қаласы білім басқармасының №64 бұйрығымен Қамқоршылық кеңесінің жаңа құрамын таныстырып, қамқоршылық кеңестің хатшысы етіп ДООЖО К.Даулетова тағайындалғандығы жөнінде айтып өтті. Бүгінгі отырыстың күн тәртібіндегі мәселе қамқоршылық кеңестің төрағасын өз орталарыңыздан сайлау керектігін тілге тиек етті.

Тыңдалды: Ата-ана Б.Шайхсламова сөз алды: аталған бұйрықта Қамқоршылық кеңес құрамы 9 адамнан құралғанын айта келіп, ортамыздан Қамқоршылық кеңестің төрағасын сайлауымыз қажет. Кімде қандай ұсыныс бар?

Тыңдалды: Т.Усипбеков Шымкент қаласы білім және ғылым мекемелері және бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы төрағасы сөз алды: Қамқоршылық кеңестің өткен мерзімінде төрағалық еткен М.Сайдуллаев өз ісіне жауапкершілікпен қарап, жоспарланған іс-шараларға белсене атсалысып, мектеп-интернат игілігі үшін ауқымды жұмыстар атқарды. Осы мектеп-интернаттың ата-анасы Лаура Садирбаева жаңадан құрылып отырған Қамқоршылық кеңестің төрағасы болуын ұсынамын.

Тыңдалды: Шымкент қаласы ОБКЖ-нің №3 кітапхана бөлімшесінің меңгерушісі Д.Турымбекова кәзіргі заманауи ізденумен талап етуді, жаңа идеяларды қажет ететін уақытта жастарды қолдап, оларға сенім артуымыз қажет. Сондықтан, осы мектеп-интернаттың өміріне етене араласып жүрген жас ата-аналардың бірі Лаура Садирбаеваның кандидатурасын қолдаймын.

Қамқоршылық кеңестің мүшелері ҚК-тің төрағасы етіп Садирбаева Лаура Уалихановнаны сайлады.

Шешім етеді:

1. Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған №2 арнайы мектеп-интернаты қамқоршылық кеңесінің төрағасы етіп Садирбаева Лаура Уалихановна бекітілсін.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы

Қамқоршылық кеңес хатшысы



Л.Садирбаева

К.Даулетова